

Магистратураның «Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

Мақсаты: жергілікті және өңірлік даму мәселелерімен айналысатын жергілікті мемлекеттік органдар мен орталық мемлекеттік органдар және олардың аумақтық бөлімшелері үшін кәсіби мемлекеттік қызметшілерді даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- өңірлерде әлеуметтік-экономикалық процестерді басқару, жоспарлау және болжау негіздеріне оқыту;
- мемлекеттік қызметшілердің жеке қасиеттерін және ЕРК бойынша кәсіби мемлекеттік аппараттың сипатына сай 3 блок құзиреттілігін дамыту.

Оқытудың күтілетін нәтижелері:

Синтез: өңірдің, ұйымның орта мерзімді перспективасын, қызметін жоспарлайды.

Талдау: ұйымның, өңірдің дамуын талдайды және оңтайлы шешімдер ұсынады.

Қолданылуы: өңірлік дамудың өзекті мәселелерін шешуде білім, білік және дағдыларды қолданады.

Бағалау: өзгермелі жағдайларды ескере отырып, ұйымның, өңірдің даму үрдістері мен серпінін анықтау және болжау.

Құзыреттілігі бойынша:

Қызметті тиімді басқару және жеделдік: өңірде, ұйымдарда болып жатқан өзгерістерді талдай алады және жергілікті мемлекеттік органның жұмысын жақсарту бойынша уақтылы шаралар қабылдай алады, жаңа идеяларды генерациялайды, бірегей шешімдер табады;

Ынтымақтастық: жергілікті мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін әріптестермен, орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасай алады, жақсы қарым-қатынасты, ынтымақтастықты және коммуникацияны көтермелейді, басқа адамдарды жігерлендіруге және күш-жігерді қуаттандыруға, сондай-ақ неғұрлым тиімді және тартылған болуы қабілетін көрсетеді;

Шешім қабылдау: ықтимал тәуекелдерді талдауға және болжауға, сондай-ақ анықталған тәуекелдер мен туындаған салдарларды ескере отырып шешімдер қабылдауға, қабылданған шешім болашаққа қалай әсер етеді, сандық, ауызша және басқа ақпаратты талдайды, барлық өзара байланысты ескере отырып, жеке міндетті немесе проблеманы жалпы процестің бір бөлігі ретінде қарастырады, зерделенген ақпарат негізінде салмақты шешімдер қабылдайды.;

Қызметті тұтынушыға бағдарлау және ақпараттандыру: сапалы қызмет көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыруға және бақылауға, қызметтермен қанағаттану деңгейін анықтауға қабілетті; нормативтік құқықтық актілерді тәжірибеде қолдана алады және оларды қызметті тұтынушыларға түсіндіре алады;

Жауапкершілік: адамдар тобының басшылығын өзіне алуға дайындығын көрсетеді, жергілікті мемлекеттік органның қызметі үшін жеке жауапкершілікті қабылдай алады;

Парасаттылық: сенім мен құрмет атмосферасын қалыптастыра алады, ашықтық пен әділдік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ете алады; этикалық нормалар мен стандарттарды сақтай алады;

Өзін-өзі дамыту: өз құзыреттерін дамытуға қабілетті.

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Ресми-іскерлік қазақ тілі	3
	Кәсіби коммуникациялар (ағылшын тілі)	3
	Мемлекеттік басқару	3
	Зерттеу әдістері және деректерді талдау	3
	Өңірлік экономика	5
	Өңірлерді басқару және кеңістікті дамыту	5
	Development Day аясындағы коллоквиум	1
	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ)	5
1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		28
2	Ұйымдастырушылық мінез-құлық	3
	Аймақтардың дамуын құқықтық реттеу	5
	Басқару технологиялары	5
	Ауылдық аймақтарды дамыту	5
	Қаланы басқару	5
	Development Day аясындағы коллоквиум	1
	Өндірістік тәжірибе	3
	МҒЗЖ	7
2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		34
3	Тиімділікті (жетістіктерді) басқару	5
	Аумақтардың маркетингі	5
	Басқарудағы цифрлық технологиялар	5
	Жергілікті басқарудағы қаржылық менеджмент	5
	Пәндер каталогынан 1 элективті курс	5
	• Адами капиталды басқару	
	• Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау	
	Development Day аясындағы коллоквиум	1
	МҒЗЖ	5
3 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		31
4	Өңірдің инвестициялық саясаты	5
	Пәндер каталогынан 1 элективті курс	5
	• Өлеуметтік өңірлік саясат	
	• Өңірлік дамудағы экологиялық саясат	
	Development Day аясындағы коллоквиум	1
	Өндірістік тәжірибе	1
	Тағылымдама	2
	МҒЗЖ	5
4 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		19
Теориялық оқудың барлығы		88
МҒЗЖ:		24
• МҒЗЖ, магистрлік жобаны орындаумен қоса		22
• Тағылымдама		2
Қорытынды аттестациялау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)		12
Қосымша білім берудің барлығы		36
МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		124